

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



«Бектемің»

Мектеп директоры:

Ж. Еспенбетов



**БІЗ БІРГЕМІЗ!  
МЫ ВМЕСТЕ!**

Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қ.

2022-2023 оқу жылы

## «Біз біргеміз!» - акциясы

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген екен дана халық. Қайырымдылық - халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір - біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздікті баян ету аңсар мұратымыз, өтпелі шақтағы қиындықтарды жеңу азаматтық міндетіміз, ал тұрмысы төмен азаматтарға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету адамгершілік парызымыз»-деп, қайырымдылық пен ізгі ниетке арнап халқымызға тебіреніске толы сөз айтқан еді.

Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» - деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс - тәжірибелерімен жалғастырылып келеді. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіншілігің жетіп тұрса, неге қол ұшын созбасқа?! Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау, адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын, парасаттылығын көрсетеді.

Мектебімізде «Біз біргеміз!» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді. «Қамқорлық» республикалық акциясы жалпы оқыту айлығының шеңберінде өткізіледі және мектеп жасындағы балаларды оқытумен толық қамтуды қамтамасыз етуге және әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бағытталған.

**«Біз біргеміз!»** қайырымдылық акцияның мақсаты:

көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету (киім-кешекпен, мектепке қажетті құрал-жабдықтар).

Іс-шараның жүргізілу барысында мектеп директоры Ж.Еспенбетов сөз сөйлеп ашты. Ата-аналарға музыкалық концерттік бағдарлама қойылды. Бағдарламаның жүргізу барысын әлеуметтік педагог Алимбекқызы Қ. өз міндетіне алды. «Біз біргеміз!» акция өз дәрежесінде жүргізіліп, ата-аналар атынан алғыстар мен ризашылықтар айтылды. Осындай қайырымдылық акциясының жиі жүргізіліп отырылатына ата-аналар мен оқушылар дән риза. «Біз біргеміз!» атты қайырымдылық қамқорлық акциясынан түскен қаражатқа мектебіміздегі әлеуметтік жағынан күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға оқу құралдары материалдық көмек көрсетілді. Акцияға мектеп ұжымы мен мектеп оқушылары белсене атсалысты.



**Қорытынды:**

Халқымызда «Кең болсаң, кем болмайсың» - деген даналық сөз бар, олай болса, адамның жанына қуат беріп, көңілін қуанышқа бөлейтін мейірімділігіміз, қайырымдылығымызды әркез арқау етіп жүрейік. Қайырымдылықтай асыл қасиетіміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын таба берсін!

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Бекітемін»  
Мектеп директоры:  
Ж.Еспенбетов



ю



Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қ.

2022-2023 оқу жылы

## «Біз біргеміз» жәрмеңкесі мектепішілік шара

I. Ұйымдастыру.

II. Акцияның жүрісі:

### Жүргізуші:

Қайырлы күн, қадірлі қауым, ел тірегі, ертеңіміздің кепілі болған жас ұрпақ!  
Армысыздар жаны жайсаң жүрегі жомарт ұлағатты ұстаздар, оқушылар!  
Бүгінгі 8-9 сыныптар аралығында ұйымдастырылып отырған «Біз біргеміз» атты жәрмеңкеге қош келіпсіздер!

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» — деген екен дана халық.  
Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске әрбір адамның азаматтық парызы. Сөз мектебіміздің директоры Еспенбетов Жақсылық Омарұлына беріледі.

### Би: қазақша

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», — дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейілдерін танытуға келгендеріңізге үлкен ризашылығымызды білдіреміз!!!

Ән: «Жақсы адамдар».

Жақсылық жасау – имандылықтың тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс тәжірибелерімен жалғасытырылып келеді. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіншілігің жетіп тұрса, неге қол ұшын созбасқа?!

Би: 6-сынып «патриот».

Бүгінгі «Біз біргеміз» акциясына ұйымдастыруға ұйытқы болып отырған мектеп ұжымына, қол ұшын беруге ат салысып отырған демеушілерімізге айтар алғысымыз шексіз.

Назарларыңызға рахмет!

Пейілділік көл-көсір,  
Жомарттық ерге сын.  
Кеңдігін көрсеткен,  
Қайырымдылық айлығында,  
Ізгілік жолында.  
Мың алғыс, демеушілер,  
Рухы елдің жібісін!





9 «а» сынып